

by problem of pedagogue's professionalism, ideal figure of pedagogue-careerist and requirements to his personality, and also the necessity in special professional training in pedagogic activity.

ӘӨЖ 371.13:004

БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІ КӘСІБИ ДАЙЫНДАУДА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ РӨЛІ

С. Тілеуова

*Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Шымкент қ.*

Қазіргі кездегі заман талабына сай бұған қосымша қоғамнан, өмірден өз орнын өз еркімен таңдай алатын, экономикалық тұрғыдан еркін ойлау қабілеті бар, тығырықтан жол таба алатын, алдын-ала істің нәтижесін болжай алатын іскер, тапқырлық қасиеті бар толыққанды, оқытудың жаңа технологиялары мен интербелсенді әдістерін теориялық және практикалық жағынан меңгерген, дарынды маманды қалыптастыру, тәрбиелеу, даярлау десек, артық айтылмаған болар еді.

Бұл мәселе қоғамның әлеуметтік қажетіне және болашақ мамандық бойынша еңбек етудің, үйренудің қалыптасуына байланысты болады. Сондықтан болашақ ұстаз мамандар даярлауда оқу-тәрбие жұмыстарында пайдаланылатын әртүрлі әдістер мен әдістемелер, оқу-әдістемелік, көмекші оқу құралдары студенттердің кәсіби тұрғыдан бағыт-бағдарының, дидактиканың жүйелілік, бірізділік, тұтастылық принциптері негізінде қалыптасуына мүмкіндік беретіндігін ескере отырып, оқу-тәрбие жұмысының сапасың, тиімділігін арттыру маңызды іс болып табылады.

Қазіргі кезеңде Республикамызда сапалы білім беру мәселесіне үлкен мән беріліп отыр. «Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасына» сәйкес білім алушылардың еңбек рыногындағы бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін кәсіптік дағдылар алуына жағдай жасап, ақпараттық технологияларды енгізу орта білім жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Тұжырымдамада қойылған міндеттерді іске асырудың бір жолы болып, орта білім беруде оқушылардың жеке қабілеттері мен қажеттіліктеріне сәйкес жоғары сатыдағы бейіндік және кәсіптік бағдарлы оқыту жүйесін құру көрсетілген.

Қазақстанда 1977 жылы алғаш рет орта жалпы білім беруді ақпараттандырудың Мемлекеттік бағдарламасы қабылданды.

Қазір білім берудің барлық салаларында кең ауқымды мемлекеттік саясат жүзеге асырылуда. Білім беруді ақпараттандыру өзара байланысты жүйелі факторлардың бірлігінде жүзеге асырылады:

- жаппай компьютерлендіру;
- мектептерді Интернет желісіне қосуды қамтамасыз ету;
- білім берудің мемлекеттік стандарттары негізінде сандық білім беру қорларын жасау;
- оқу үрдісінде ақпараттық-қатынастық технологияларды пайдалануға мұғалімдерді даярлау.

Қазақстан Республикасында 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы өз бетімен білім алатын және алған білімін өмірдің түрлі жағдайларында қолдана білетін жеке тұлғаның қалыптасуын қамтамасыз ететін оқытудың жаңарған технологияларына көшу талабын қойып отыр. Қоғамдағы әлеуметтік өзгерістерге сай оқытудың сапасын арттыру мәселесі жаңа оқыту технологияларын өз дәрежесіне сай қолдануға да тікелей байланысты.

Мұны Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында білім беруді дамыту үшін оқытудың озық жүйелері мен технологияларын әзірлеу мен енгізу талап етіп отыр.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасында білім беруді ақпараттандыру мәселесі бойынша төмендегідей басты ғылыми мектептер қалыптасып, кешенді және нақты зерттеулер жүргізілуде. Атап айтқанда, осындай ғылыми мектептің негізін салушылардың бірі профессор Г.К. Нұрғалиеваның жетекшілігімен білім беруді ақпараттандырудың негізгі әдіснамалық мәселелері зерттеліп, соған орай электрондық оқулықтарды дайындау технологиясымен түрлі оқыту мақсатындағы бағдарламалық құралдарды жасау проблемаларымен көптеген ғалымдар, зерттеушілер айналысуда (Д.М. Джусубалиева, А.К. Қозыбай, Ш.Х. Құрманалина, Г.Б. Ахметова, А.С. Кадырова, Г. Кудебаева, А.Х. Накпаева, Н.М. Сағитова, А.И. Тажигулова, Н. Даумов және т.б.);

Қазіргі ақпараттық әдебиеттерде ақпараттандыру білім жүйесін әдіснамалық және практикалық талдауларды, сондай-ақ, оқытудың және тәрбиенің психологиялық-педагогикалық міндеттерін шешуге бағытталған қазіргі ақпараттық технологияларды тиімді қолдануды қамтамасыз ететін үрдіс есебінде қарастырылады.

Қазақстан Республикасының жоғарғы білім жүйесін ақпараттандыру жөніндегі Қазақстан Республикасы Президентінің Мемлекеттік бағдарламасында төмендегідей міндеттер қойылған болатын:

- ең алдымен жаңа ақпараттық технологияларды оқыту және сонымен қатар оқу процессін басқару істерінде пайдалану үшін жоғарғы оқу мекемелерін есептеу және ұйымдастыру техникасы құралдарымен қамтамасыз ету.

- барлық жоғарғы оқу орындарында білім беру ақпараттарына қол жеткізуді қамтамасыз ететін инфрақұрылымды дамыту.

- жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану және енгізу саласында жоғарғы білім беру жүйесі үшін кадрлар даярлау, тағы басқа көптеген мәселелер.

Атап айтарлығы Қазақстан Республикасы жоғарғы білім беру жүйесін ақпараттандыру бағдарламасы 1997- 2002 жылдар аралығында іске асты.

Ғылыми әдебиеттерді талдауда ғалымдар (Г.Г. Воробьева, Ю.А. Шрейдер т.б.) жеке адам мен ақпараттың арасындағы байланысқа зор көңіл бөлетіндігін көрсетеді. Олар ақпаратты игеру жеке адамның ақпараттық мәдениетін сипаттайтын белгілі бір білімдер, дағдылар жиынтығы, сол адамның бойынан табылған жағдайда ғана мүмкін деп есептейді.

Білім жүйесін ақпараттандырудың ерекшеліктері Л.Я. Беляев, Л.И. Бережной, В.В. Васильева, Б.К. Бершунский, М.П. Золотухина, Г.В. Иванова, Л.Д. Квиртия еңбектерінде қаралған. Бұл еңбектерде педагогикалық қызметті ақпараттандырудың негізгі бағыттары, мұғалімдерді ақпаратпен қамтамасыз етудің оперативті жүйесі, ақпаратты қорды құрудың, сақтаудың және пайдаланудың, теориялық аспектілері сипатталған

Ғаламдық Интернет желісіндегі ақпараттық-білім беру кеңістігіне:

- ғаламдық және жергілікті желілермен жұмыс жасауға;
- отандық және шетелдік авторлардың қорларын Интернеттен іздеуге;
- іздеу желілерімен және порталдармен жұмыс жасау әдісін меңгеруге;
- іздеу желілерінде жұмыс жасауды жетік меңгеруге;
- іздеу желілері мен порталдарда өзінің блогын жасауға қызығушылығы болып талпынуы.
- Іздеу жүйелерінде жұмыс жасау;
- арнайы білім беретін порталдар мен сайттарда жұмыс жасау;
- порталдар мен сайттарға тіркелуді меңгеру;
- порталдар мен сайттардағы форумдар арқылы қашықтан әрекетесуді меңгеру;
- жеке Интернет ресурстарын қалыптастыра білу;
- іздеу желілері мен порталдарда жеке блоктарын басқару тәсілін игеру.

Г.К. Нұрғалиеваның «Білім беруді ақпараттандыру жағдайында жеке тұлғаның құндылық бағдары» атты еңбегінде құндылық бағдар процесі маңыздылығының концептуалды ережелері, құндылық бағдар және құндылық бағдардың динамикалық және мазмұнды сипатын модельдеу әдісі қарастырылған.

Ғылыми зерттеулерді, психологиялық-педагогикалық, әдістемелік әдебиеттерді және мектеп жұмысының тәжірибесін талдау нәтижелері қазіргі кезде Интернет ресурстарды бастауыш мектепте білім беру

міндеттерін шешудегі бар мүмкіндіктері ғылым жетістіктеріне негізделмей қолданылып отырғаны және оның іске асырылуының ойдағыдай емес екенін көрсетті. Бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби құралы ретінде Интернет ресурстарды оқыту үрдісінде қолдануға болатыны анықталмаған және оны тиімді ұйымдастыруда сәйкес келетін кері байланыс құралы ретінде қажеттілігі қарастырылмаған.

Осыған орай білім беруді ақпараттандыру үрдісін жетілдірудің басты мәселесі қазіргі заманғы ақпараттық коммуникациялық технологияны (АКТ) пайдалануда мұғалімді даярлау.

Мұғалім, әдеттегідей, білім беру үрдісінің басты фигурасы болып қала береді, бірақ оның қызметі біраз өзгереді. Енді ол ақпарат қайнар көзі ғана емес, сонымен қатар оқушылардың шығармашылық жоба жұмыстарының ұйымдастырушысы болып табылады. Әр мұғалім кез келген оқу пәнінен сандық оқу қорларын пайдалана отырып сабақ даярлап және оны өткізе алуы керек. Сондықтан АКТ саласындағы құзырлық, кәсіби педагогикалық қызметтің басты шарты болып табылады. Ең біріншіден, мұғалім қарапайым компьютерлік сауаттылықтан хабардар болуы тиіс. Оның ішіне компьютермен жұмыс жасай білу, компьютердің нақты бағдарламаларын білу, Интернет-технологияларды меңгеру т.с.с.

Қазіргі ақпараттық әдебиеттерде ақпараттандыру білім жүйесін әдіснамалық және практикалық талдауларды, сондай-ақ оқытудың және тәрбиенің психологиялық-педагогикалық міндеттерін шешуге бағытталған қазіргі ақпараттық технологияларды тиімді қолдануды қамтамасыз ететін үрдіс есебінде қарастырылады.

Қолайлы режимде жұмыс істейтін мұғалімнің өзі бәрібір белгілі уақытта немесе оқу уақытының бір бөлігінде әрбір оқушыны көруі мүмкін емес, әрбір оқушының оқытуының және дамуының жеке қарқынын қамтамасыз ету жағдайы болмайды. Бұл жерде компьютер мұғалімге де, оқушыға да маңызды көмек көрсете алады және көрсетуі қажет.

Сондықтан, мұғалім іс - әрекетінде ақпараттық технологияны қолданудың нақты пәндердегі орнын, психологиялық, педагогикалық, эргономикалық талаптарын білумен қатар, кәсіби іс - әрекетінің ерекшеліктеріне жататын кәсіби дағдыларды нақтылау қажет:

- іс – құжаттарын даярлаудың, мәліметтер (педагогикалық тәжірибелер) қорын жасап өңдеудің және дидактикалық тірек – құралдар жасауға қажет саймандық бағдарламалық қамсыздандырумен жұмыс істеу дағдысы;

- пәнге арнайы құрылған бағдарламалық қамсыздандырумен жұмыс істеу дағдысы;

- жергілікті және Интернет желісінде жұмыс жасау дағдысы;

- мультимедиялық және геоақпараттық технологиялардың қызмет етуінен хабардар болып, кәсіби қажеттілік шеңберінде қолдану дағдысы.

Мұғалімдер Интернет ресурспен жұмыс жасай білу үшін қажетті қолданушылық технологиялық білігі болуы керек:

- Интернетпен жұмыс жасаудың кеңінен таралған бағдарламалық құралдарымен жұмыс жасау, мысалы, Internet Explorer, Netscape Navigator, Outlook Express, іздеу жүйелері және каталогтармен жұмыс жасай білуі, т.с.с.

Қазіргі қоғамдағы ақпараттану жағдайында оқушының жеке тұлғасын қалыптастырып, ақпараттық қоғамда өмір сүруіне, оның ақпарат ағымында дұрыс бағдар жасап, тиімді шешім табуына қажет ақпараттық технологияларды таңдап алу және оларды қолдану қабілеттілігін қалыптастыруда мұғалімдердің кәсіптік қызметінде Интернет ресурстарды қолданудың маңызы зор.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Нургалиева Г.К. Ценностное ориентирование личности в условиях информатизации образования.- Алматы: 2004.
2. Қазақстан Республикасы жоғары білімді дамыту стратегиясы. - Алматы, 1998.
3. Нургалиева Г.К., Тілеуова С.С. Теория развития профессионального образования. - Алматы: 1999г.
4. Тілеуова С.С. Жоғары мектеп педагогикасы. – Шымкент, 2009.

Резюме

Информатизация общества осуществляется в русле концепции Национальной информационно-инфраструктуры, направленной на создание электронного правительства; построение открытых инфокоммуникационных систем; стандартизацию и сертификацию средств и систем информатизации. В данной статье рассматриваются теоретические аспекты обновления образовательной среды, формирование личности учащихся в условиях информатизации образования посредством информатизации учебного процесса их подготовки в образовательной школе.

Resume

Informatization of education becomes one of the most important strategic resources of State. For its successful development and positioning in the modern society it is oriented on creation of electronic government. This article deals with the theoretical aspects of educational field. They form students' personality by a means of educational process' informatization at schools in condition of educational informatization.